

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық факультет
Қоғамдық пәндер, құқық және экономика негіздері кафедрасы

МЕДИА-ЖОСПАР

Орындаған: Балгарина Б. Б. АН 19-12

Тексерген: Тобылов К. Т

Өнімге шолу жасау

Инстаграмм парақшасында біздің жұмысымызға және өнімдерімізге шолу жасау үшін, біздің негізгі қағидаттарымызды және бағыттарымызды көрсететін посттарды салып, оларды фото суреттермен және видео бейнелермен толықтыра аламыз. Мысалға, осындай мәтінмен:

Бұл шағын шеберхана - пластикалық қалдықтарды, қайта өңдеу және соңғы өнімге өндіру үшін жинайды: өнделген қалдықтардан қабырға сағатын, кашпо және басқа да интерьер заттары мен аксессуарларды жасауға болады.

Біз жоба шеңберінде, біз, төрт бағытты анықтадық: қайта өнделген пластикалық қалдықтардан өнім жасау, есо-friendly-нарықты дамыту, әлеуметтік белсенділік және экоактивистер қоғамдастығын құру арқылы халық арасында экологиялық өмір салтын насихаттау.

Өнімдерді салыстыру

Біріншіден, біздің өнірде пластик қалдықтарын өндеу жайлы көп ақпарат жоқ. Егер де біз жобамызды әлеуметтік желілерде жақсылап таратсақ, онда біз басқа шеберханалардан бірден озып кетеміз. Өйткені адамдар жақсы жарнамаланған, атақты компанияларды тандайды.

Біздің тағы бір ерекшелігіміз, бұл біздің тек қана пластикті жинамай, одан керекті және пайдалы өнім жасау.

Мысалға, телефонға арналған чехолдар – бұл адамдарға керекті нәрсе және олар біздің өнімізді сатып алса, олар өздерінің қажеттіліктерін өтеп, экология үшін пайдалы әрекет жасай алады, демек өздерін моральды түрде қанағаттандырады.



Өнім тесті

- Тұтынушыларға біздің артықшылықтарымызды көрсету үшін, бізге ұқсас жобаларды мысал ретінде келтіруге болады.
- Одан кейін біздің жұмысыздың қалай өтетінің көрсету үшін, жұмыс барысын видеоға түсіріп, пост жасау. Одан басқа мәтінде өнімдерді қалай жасайтынымызды жазып көрсете аламыз.

Сонда адмадар барлық жұмысты өз көзімен көріп, біздің артықшылықтарымызға көз жеткізе алады.

Біздің станоктарымыз пластикті ұнтақтау үшін шредерден, шикізатты жіптерге айналдыру үшін экструдер, қысыммен құю үшін инжектордан және панельдер өндірісі үшін термопресстен тұрады.-

Шын мәнінде, барлық жүйе қалдықтарды өңдеу кәсіпорындарындағы өнеркәсіптік станоктардың тұрмыстық көшірмесі болып табылады



Өнімді пайдалану мысалдары



Біздің жасап шыққан өнімдердің қолданудың көптеген мысалдары бар. Өнделген пластиктен керекті кез келген заттарды жасауға болады.

Инстаграмм парақшасында, осындай мысалды фото суреттерді салып, тұтынушыларға мысал ретінде көрсетуге болады.

5. Компания жаңалықтары

Компания жаңалықтарын, сторис және посттар арқылы тарата аламыз.

Біздің жаңалықтырымызға, бұл пластикті қай жерде тапсыруға болатының, біз қандай жаңа нәрселерді жасап шығара алатынымыз, біз пластиктің қандай түрлерін өндей алатынымыз жата алады.

Компания персонасы

Компанияның барлық жұмыскерлерің компания персонасы ретінде ұсынуға болады.

Өйткені мұндай экологиялық пайдалы жұмыс істейтін адамдар, жай адамдар емес.

Олар видео бейнеде немесе жазбаша түрде сұхбат беріп, олар мұндай ойға қалай жеткенің, табиғатты сақтау керектігін қалай, неге, кім арқылы, қашан түсінгенің сұрауға болады.

Осындай сұхбат арқасында, біз өзіміздің командамызды таныстырып, біздің мақсаттарымызды көрсетіп, адамдарды ынталандырамыз.

Компания туралы деректер

- ❑ Біз голландиялық эколог-өнертапқыш Дейв Хаккенс Precious Plastic (қымбатты пластик) технологиясын қолдану туралы шешім қабылдадық. Технология зауыттық қағидат бойынша жұмыс істейді, тек жергілікті ауқымда: пластикалық қалдықтар сұрыпталады, ұсақталады және жаңа өнімге қайта балқытылады .
- ❑ Бұл арзан және қарапайым идея. Егер тиісті үй-жай болса, кез келген адам осындай шеберхананы үйде аша алады. Технология ашық, қол жетімді және әлем бойынша осындай шеберханалар, қазірдің өзінде 400-ге жуық.



8. Кейстер

Бизнес кейс ретінде, біз басқа компаниялардың жұмысын мысал ретінде көрсете аламыз.

Олар қандай қиындықтармен кездесті, олардан қалай шыға алды, қандай проблемалар болды.

Біздің алдымызға да, осындай қиындықтар түссе біз қалай әрекет ететінімізді көрсетуге болады.

Акциялар, ұтыс ойындар, жеңілдіктер

Біріншіден, біз алғашқы өнімдерімізді тегін немесе жеңілдікпен істеп бере аламыз. Мысалға, осындай мәтінді жарнама

Акция! Жеңілдіктер! Тегін заттар!

Егерде сіз бізге өзіңіз пластик қалдықтарын әкелсеңіз, бірінші ретте біз сізге тегін бір зат жасап береміз.

Кейіннен сіз бізге тұрақты түрде пластикті тапсырып отырсаңыз, онда біздің өнімдерімізді жеңілдікпен сатып ала аласыз.

Одан кейін, инстаграмм парақшасында ұтыс ойындарын жасауға болады. Мысалға, бір постымызға репост жасап, достарыңызды белгілеуді сұрап. Ұтыс ойында сыйлық ретінде, біздің бір тауарымызды қоюға болады. Тұтынушылар тегін заттарды жақсы көретіндігінің арқасында, біз өзімізге жарнама жасай аламыз.

10. Трендтерге шолу

Пластик өндеу жұмысында трендтер бар деп айта алмаймын. Бірақ пластик өндеудің өзі тренд деуге болады. Әр жыл сайын, адамдар экологияны сақтау керек екенің түсініп бара жатыр. Тіпті кейбір адамдар, шын мәнінде экологияны ойламаса да, тренд үшін біздің тұтынушымыз бола алады.



Әзіл

Әзіл ретінде, кино немесе атақты өлендердің мәтінің экологиядық мысалда ауыстыруға болады. Немесе интернеттен әзлдерді, мемдерді тауып алып, парақшаға жүктеуге болады.

Мысалы:



Сторис


Сториске барлық түрдегі ақпаратты салуға болады. Бұл мысалға, біздің күнделікті жұмысымыз, жасалған өнімдеріміз, тұтынушыларымыздың пікірлері.



Тікелей трансляциялар

Тікелей трансляция арқылы тұтынушыларымызбен жақындаса аламыз.

Мысалға, сұрақ-жауап түріндегі трансляция. Тұтынушылар өздеріне қызықты сұрақтарды қойып, тікелей эфирде жауаптарды ала алады.



Сауалнамалар

Инстаграмм желісінде екі түрлі түрде сауалнама жүргізуге болады.

1. Стористегі сауалнамалар
2. Посттардағы сауалнамалар

Бұл сауалнама арқылы тұтынушылардың біз жайлы ойларын, ұсыныстарын біле аламыз.

Мысалға, оларға біздің қандай тауарларымыз ұнайды екенің біле аламыз.